

Тақырыбы: Инвестициялық жобаларды талдау әдістері

Тәжірибелік сабақтың мазмұны

1 Инвестициялық жобаның түсінігі және экономикалық мағынасы

Инвестициялық жоба- күрделі жұмсалымның экономикалық мақсатқа лайықталынған, оныңіске асыру көлемі мен мерзімін негіздеу, сондай-ақ инвестицияны іске қосуының тәжірибелік амалын (әрекетін) жазу.

Бір сөзбен айтқанда инвестиция – табыс немесе пайда табу үшін ақшалай қаражаттарды жұмсау.

Оңтайлылық (оңтайландыру) - оңтайын, яғни белгілі бір техникалық – экономикалық міндеттер шешімнің межелі критерийлер мен айқындалған шектеулерден ең жақсы нұсқасын табу процесі.

Инвестициялық жобалар келесі топтастыру белгілер негізінде ажыратылады:

- А) жобалау объектінің деңгейі бойынша;
- В) бағалау кезеңінің ұзақтығы;
- С) жобаның нақтылығы (жуық немесе толық, жете);
- Д) серпінділік (динамикалық);
- Е) оңтайландыру критерийлері.

Жобалау объектінің деңгейі жөнінде төрт деңгейде ажыратуға болады:

1-ші деңгей. Шаруашылық – технологиялық кешен (тау-кен байыту комбинаты, тау-кен металлургия комбинаты). Ол негізгі өндірістік өндіру, байыту, балқыту процестерін кірістіреді.

2-ші деңгей. Шаруашылық-технологиялық кешеннің құрылымдық элементі (шахта, карьер, байыту фабрика, қайта өңдеу цехы).

3-ші деңгей. Тау –кен кәсіпорынның құрылымдық элементі (аршу, шахтадағы ішкі көлігі, карьерлік көлік).

4-ші деңгей. Кен қызу жөніндегі технологиялық процестер мен операциялар (бұрғылау, арттыру, тиеу, тасымалдау, қоймалау).

Бағалау кезеңінің ұзақтығы мынадай:

- А) болашақ - 15-20 жыл
- Б) ұзақ уақытты (мерзімді) – 5-15 жыл
- В) орта мерзімді - 2-5 жыл
- Г) ағымдағы - жыл, ай
- Д) жедел - тәулік, ауысым.

2 Бизнес-жоспардың түсінігі

«Бизнес-жоспар» термині біздің тәжірибемізде тоқсаныншы жылдардың басында қолданыла басталды, ол кезде еліміз экономиканың қайта құрылу дәуіріне енді және заманның өзі нарықтық жағдайлардағы кәсіпорындарды басқару қағидаларын өзгертуді талап етті. Дүниежүзілік тәжірибе бойынша, инвестицияландыру процесінде бизнес-жоспар маңызды элементтің бірі болып

табылады. Бұл ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударғанда «кәсіпкерлік іскерліктің жоспары» дегенді білдіреді.

Бизнес-жоспар – бұл кәсіпкерлік іскерлікпен байланысты басқарушылық шешімдерді кешенді, жүйелі түрде түсіндіретін, алдына қоятын мақсаттарды және одан шығатын міндеттерді анық көрсететін, сыртқы және ішкі жағдайларды объективті тұрғыда бағалайтын, мақсаттарға жету үшін қажетті ресурстарды анықтайтын, осының бәрін сандармен сипаттап, берілген шешімнің тиімділігін бизнеске тартылған барлық қатысушыларға дәлелдей алатын құжат.

Бизнес-жоспардың құрылымы.

Бизнес-жоспарды жасаушылардың алдында тұрған негізгі міндет инвесторларды тарту болып табылады. Бизнес-жоспардың құрылымы келесідей:

- 1) Кіріспе;
- 2) Кәсіпкерлік қызметтің мақсаты;
- 3) Кәсіпорынның мінездемесі мен потенциалы;
- 4) Кәсіпкерлік қызмет түрінің сипаттамасы;
- 5) Өнімнің сипаттамасы;
- 6) Өнімді өткізу нарығының бағасы;
- 7) Бәсекелестерінің сипаттамасы мен бағасы;
- 8) Өнімді өткізу болжамы;
- 9) Маркетинг стратегиясы;
- 10) Өндіріс жоспары;
- 11) Ұйымдастыру құрылымы және менеджмент;
- 12) Персоналы;
- 13) Өнімнің табыстылығын талдау;
- 14) Қаржы стратегиясы;
- 15) Қаржы жоспары;
- 16) Қосымша.

Бизнес-жоспардың мазмұны.

Бизнес-жоспардың мынадай бөлімдері болуы керек:

- 1) Қысқаша сипаттамасы;
- 2) Компания;
- 3) Істің саласы;
- 4) Өнім немесе қызмет көрсету;
- 5) Маркетинг;
- 6) Өндірістік іскерлік;
- 7) Басқару;
- 8) Инвестицияға деген қажеттілік;
- 9) Қаржы.

3 Рентаның өсірілген сомасы формуласының жіктелуі мен қорытылуы. Рентаның қазіргі уақыттағы құнының формуласы

Барлық мүшелері оң, ал мезгілдік интервалы тұрақты болып келетін төлемдер ағымын қаржылық рента немесе аннуитет деп атайды.

Қаржылық рента келесі параметрлерге ие: рентаның мүшесі - әрбір жеке төлемнің шамасы, рентаның кезеңі – бір-біріне жақын төлемдердің мезгілдік интервалы, рентаның мерзімі қаржылық рентаның басынан оның соңғы кезеңінің аяғына дейін өлшенген уақыт, пайыздық қойылым – рентаны қалыптастыратын төлемдерді дисконттағандағы немесе өсіргендегі қолданылатын қойылым. Рента кезеңінің ұзақтылығына байланысты оны жылдық және р-жиілік деп бөледі.

Пайыз белгілеу саны бойынша жылына бір рет, m рет және үзіліссіз есептелінетін ренталар деп бөлінеді.

Мүшелердің төлем ықтималдығы бойынша сенімді және шартты ренталар деп ажыратылады.

Мүшелерінің саны бойынша рентаны шекті рента санымен немесе шектеулі және шектеусіз немесе мәңгілік деп ажыратады.

Ренталарды төлемдердің төлем мезеті бойынша бөледі. Егер төлемдер әр кезеңнің соңында жүзеге асырылса, онда мұндай ренталар постнумерандо ренталар деп аталады.

Рентаның сомасы мына формуламен анықталады:

$$S = R \times ((1+i)^n - 1) / i \quad (1)$$

Рентаның қазіргі уақыттағы құны – рента элементтерінің қазіргі уақыттағы құнының қосындысы. Рента элементтерінің қазіргі уақыттағы құны оның мөлшерінің бастапқы мерзіміндегі шамасын дисконттау арқылы анықталады. Ол мына формула арқылы анықталады:

$$A = R \sum_{t=1}^n (1+i)^{-t} \quad (2)$$

Шексіз рентаның қазіргі уақыттағы құны:

$$A = R / i \quad (3)$$

Мысалы: Несие келісіміне сәйкес қарыздың жалпы сомасы 5 жыл ішінде 1 млн теңге көлемінде тең бөліктермен өтеледі. Есептеуде 20% күрделі жылдық қойылым пайызы қолданылады. Жалпы қарыз сомасын табу керек.

ШЕШІМІ: Шарт бойынша $n=5$ млн. тг. $i=0,2$., қарызды өтеу бойынша төлемдер рентаны көрсетеді және оның мерзімі 5 жыл. Бастапқы ссуданың шамасын несиені өтеу бойынша қазіргі уақыттағы төлемдер ағымы ретінде қарастыруға болады:

$$A = 1 \times (1 - (1+0.2)^{-5}) / 0.2 = 2.991 \text{ млн. тг.}$$

Мысалы: Құны 10 мың теңге тұратын тұрақты 20% купондық қойылымды облигация бар. Бағалы қағаздар нарығындағы орташа пайдалылық деңгейі 25% тең. Облигацияның ағымдағы құнын шексіз рентаның қазіргі құны ретінде көрсетуге болады, купон төлемдер тізбегі ретінде:

ШЕШІМІ: Шексіз рентаның қазіргі уақыттағы құн формуласын қолданамыз:

$R=10\ 000 \times 0.2=2000$ –жыл сайын алынатын купон пайдасы.

$A=2000 / 0,25=8000$ мың теңге.

4 Жобаны бағалау критерийлері. Инвестицияның тиімділігін бағалаудың қарапайым әдістері. Инвестициялық жобаның өтемділік мерзімі

Инвестициялық талдаудың маңызды құрамдас бөлігі іс-әрекеттің тиімділігін бағалау болып табылады.

Инвестициялық шешім қабылдау, басқа да ұйымдастырушылық іс - әрекет сияқты әртүрлі қалыптасқан және қалыптаспаған әдістерді қолдануға негізделеді. Олардың үйлесімділік дәрежесі әртүрлі жағдайлармен анықталады, соның ішінде, менеджер берілген немесе басқа жағдайдағы берілген аппаратпен танысады. Отандық және шетелдік тәжірибеде қалыптасқан әдістердің бірқатары белгілі болғанла, инвестициялық саясат аумағындағы есептер арқылы шешім қабылдау негізі. Өмірдің барлық жағдайына жарайтын қандай да бір универсалды әдіс болмайды. Мүмкін басқару жалпы дәрежеде ғылым емес өнер шығар. Сонда да, қалыптасқан әдіспен алынған кейбір бағалар болғанда, шартты дәрежеде анықталған болса да түпкілікті шешім қабылдау жеңілдей түседі.

Инвестициялық мінездегі басқаруды қабылдау процесінің негізі ұсынылған инвестиция көлемін бағалау және болашақ ақша түсімдерімен салыстыру. Салыстырмалы көрсеткіштер уақыттың әртүрлі пезетіне жататындықтан негізгі мәселе олардың салғастырымдылығында. Объективті және субъективті жағдайларға байланысты оларға әртүрлі қарауға болады: инфляция қарқыны, негізгі түсімдер және инвестицияның көлемі, болжау шегі , сараптау жіктеулерінің деңгейі т.б.

Инвестициялық іс- әрекетті сараптауға қолданылатын әдістерді 2 топқа бөлуге болады:

- а) дисконтталған бағалаудың негізгілері;
- б) есептік бағалаудың негізгілері.

Инвестицияның өтемділік мерзімі дегеніміз таза түсімнің бастапқы салымдардың орнын толтыруын күтетін кезең мұнда таза түсім шығындарды шегеріп тастағандағы ақшалай түсімді білдіреді). Осылайша кәсіпорынның оперативтік қызметінен түскен түсімдері инвестицияларға жұмсалған шығындарды жабатын уақыт кезеңі есептеледі. Бұл әдіспен есептеу өте оңай, сондықтан оны инвестициялау тәуекелін бағалаудың және тиімділігін есептеудің қарапайым әдісі ретінде қолданады. Егер ақша түсімі бір қалыпты

болмаса, онда әрбір жоспарлау интервалы үшін бастапқы шығындардың жалпы көлемінен амортизациялық шығарымдар мен таза табыс қалдық теріс болғанша шегеріліп отырады.

Бұл әдістің басымдылығы - есептеу қарапайым, сондықтан ол инвестицияның тәуекелін бағалаудың қарапайым әдісі ретінде қолданылады. Сонымен қатар бұл әдісті тұрақты сұранысы жоқ өнімдерді шығару жобасын бағалау үшін де пайдалануға болады және ол ақша айналымы аз шағын фирмалардың инвестицияларын бағалауға, сонымен бірге ресурстардың тапшылығы жағдайында жобаларды едәуір тез бағалауға жарамды.

Бірақ инвестицияның өтімділік мерзімін таңдау көрсеткіші бірқатар кемшіліктерге ие:

- өтемділіктің нормативті мерзімін субъективті болуы мүмкін;
- әдіс жобаның өтемділік мерзімінен тыс уақыттағы табыстылығын есепке алмайды, сондықтан өтелімділік мерзімі бірдей, бірақ өмір сүру мерзімі әр түрлі жобалардың варианттарын салыстыру үшін қолданыла алмайды;
- әдіс кумулятивті табыстар сомасы бірдей, бірақ жылдар бойынша бөлінуі әр түрлі жобалар арасында айырмашылық жасамайды;
- бұл әдіс бойынша есептеу дәлдігі көп жағдайда жобаның өмір сүру мерзімін жоспарлау интервалына бөлу жиелігімен анықталады;
- көрсеткіштің «статистикалығы», басқаша айтқанда, ақшаның уақытша құнын есепке алудың еметігі.

Мысал: Кәсіпорын сауда орталығының құрылысына 250 мың тг инвестициялайды. Сауда орталығын пайдаланудан түсетін жыл сайынғы жоспарланған түсім сәйкесінше 50,100,150 және 200 млн тг құрайды.

Дисконттауды есепке ала отырып, өтелімділік мерзіміне сәйкестендіріледі. Мысалдағы пайыздық мөлшерлеме 12%

Көрсеткіш	Бастапқы шарттар	1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл	4-ші жыл
Түсімдер , млн тг	-	50	100	150	200
12%, млн тг дисконттауды есепке алғандағы түсімдер	-	44,642	79,719	106,767	127,103
Төлемдер(шығындар) млн,тг	250	-	-	-	-
Өтелімділік мерзімі, жылдар	-	-	-	2,67	-
Дисконттауды есепке алғандағы өтемділік мерзімі сатылу мерзімі, жылдар	-	-	-	-	3,15

5 Табыстың қарапайым нормасы. Дисконтталған критерийлер. Ағымдағы таза құндылық

Бұл әдіс бойынша есептелетін шама рентабельділік коэффициентіне ұқсас және бір жоспарлау интервалы аралығында инвестициялық шығындардың қандай бөлігі түрінде қайтарылатынын көрсетеді. Табыс нормасының есептік шамасын табыстылықтың минималды және орташа деңгейімен салыстыру

негізінде инвестор берілген инвестициялық жобаны әрі қарай талдаудың мақсаттылығы туралы қорытынды жасайды.

Табыстың қарапайым нормасы әдісінің артылықшылықтары:

- есептеудің қарапайымдылығы;
- жобаның табыстылығын бағалау.

Әдістің кемшіліктері:

- келешекте түсетін түсімдердің құндылығы есепке алынбайды;
- салыстыру ставкасы ретінде алынған таза табыстың көлеміне барынша тәуелді;
- табыстың есептік нормасы кезең бойы орташа болады.

Ақшаның уақытша құнын есептеу техникасына негізделген критерийлерді дисконттау критерийі деп атайды. Критерийлерді есептеуде пайыздық қойылымдар түсінігі қолданылады, оның көлеміне инфляция, тәуекел және ақшаны пайдаланудың альтернативті мүмкіншілігі әсер етеді және оны мынадай теңдікпен көрсетуге болады:

$$r = IR + MRR \times RI$$

IR – инфляция қарқыны

MRR – минималды нақты табыс нормасы

RI – нақты капитал салымына түсетін табысты алу тұрақсыздығымен және нарықтық жағдаймен байланысты инвестициялық тәуекелдің дәрежесін есепке алатын коэффициент.

Мысал: Таңдауға келесідей жобалар берілген:

	IC	P1	P2
A	-1000	700	800
B	-400	350	300

$$r = 15\%$$

NPV – ді есептеу керек.

ШЕШІМІ:

А жобасы:

$$CF_1 = 700 / 1.15 = 609$$

$$CF_2 = 800 / 1.3225 = 605$$

$$NPV = 1214 - 1000 = 214$$

В жобасы:

$$CF_1 = 350 / 1.15 = 304.3$$

$$CF_2 = 300 / 1.3225 = 227$$

$$NPV = 531.3 - 400 = 131.3$$

6 Табыстылық индексі. Пайда / шығын қатынасы

Табыстылық индексі (PI) жобаның салыстырмалы табыстылығын немесе жобадан түскен ақша түсімдерінің салымдар бірлігіне есептегендегі дисконттық құнын көрсетеді.

$$PI = NPV / C_0 \quad (4)$$

NPV – жобаның таза келтірілген құны

C_0 – бастапқы шығындар

Бұл жағдайда шешім критерийі NPV-ға негізделген шешімге ұқсас, яғни $PI > 0$.

Кез келген есептеу әдісінде табыстылық индексі салымдардың тиімділігін көрсетеді.

Мысал: 1-ші және 2-ші жобалар үшін пайда мен шығындар сәйкесінше $B_1 = 1000$ доллар, $C_1 = 900$ доллар және $B_2 = 100$ доллар, $C_2 = 90$ доллар ($r = 0$, яғни дисконттауды есептемегенде).

$$PI = (1000 - 900) / 10 = 10\%$$

$$PI = (100 - 90) / 10 = 1\%$$

7 Инвестициялық жобалардың тәуекелдерімен басқару және бағалау қажеттілігі

Инвестициялық жобалардың негізгі критерияларының бірі белгілі табыс алу болып табылады. Нақты инвестициялық жобаларда табыстарды алу болашақ табысқа алғашқы қадамы болып келетін, осы өнімнің имиджінің тұрақтылығын қалыптастыру мен өнім нарығының жаулап алу қажеттілігін ескере отыра, алғашқы тапсырмасы болуының қажет емес болып табылады. Белгілі табысты алумен сипатталатын, нарық талабында пайда болған, шаруашылық субъектілерінің қызметінің тәжірибесінде жаңа болып келетін инвестициялық жобадағы қаржылық құралдар. Бұл жағдайда қаржылық және нақты инвестициялық басқаруда табыстылықпен бірге категориямен өзара байланысты білдіретін тәуекелдер бар. Бағалы қағаздардағы немесе нақты инвестициялық жобадағы қаражаттарды инвестициялаумен байланысты спецификалық тәуекелдерді қарастыру елдің экономикасындағы тәуекелдер деңгейін ескере отыра жаңа жағдайдағы өте міндетті және қажетті болып келеді. Нарық экономикасының жағдайындағы тәуекелдер категориясының есебі, егер оның пайда болуы жеткілікті және болжанбайтын болса, инвестициялық жобаны құрастыру кезінде жаңа болып табылады.

Сондықтан, кез келген шаруашылық субъектісінің экономикалық қызметімен бірге жүретін тәуекел мен белгісіздік нарық талабына сипатты болып келеді. Өз қызметінің мүмкін болатын тәуекелдер мен олардың нәтижесін ескере алу өте маңызды болып табылады.

Тәуекел – бұл, ең алдымен, дағдарыс жағдайындағы кәсіпорынды басқару немесе нақты операцияда шешім қабылдау немесе шаруашылық қызметтегі табиғи апаттан пайда болу, экономикалық қызметімен байланысты болсын сонымен қатар адамның өмірлік қызметі үшін тәуекелмен байланысты (1,с125) кең мағыналы екенін ескерген жөн.

8 Инвестициялық жобалардың қаржыландыру көздері

Қаржыландыру және оның көздері инвестициялық жобаның түріне, топтарына байланысты. Мысалы, нақты немесе портфельдік инвестицияларға байланысты қаржыландыру көздері.

Уақытылы қаржыландыру инвестициялық жобаны жүзеге асыру кезінде тәуекелдікті және шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандай, инвестициялық жоба олардың қатысушыларын әр түрлілігін талап еткендіктен, қаржыландыру қорлары да әр алуан болады.

Осыған байланысты қаржыландыру көздерін меншік және сыртқы деп жіктеуге болады.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру жүйесі қаржыландыру көздерін және олардың ұйымдастыру нышандарын болжайды.

Инвестицияны қаржыландыру көздері – инвестирциялық ресурстар ретінде пайдаланылатын ақша қаражаттары және басқа активтері.

Инвестицияны қаржыландыру әдістері – келісімшарт, нормативті-заңдылық негізінде негізделген және қандай да бір жақтың немесе екі жақтың мүддесін сақтауды, ұжымдық мүддені сақтау жорамалдайтын инвестициялық ресурстарды жұмылдыру әдісі.

Инвестициялық қызмет бұл – инвестицияларды салып және инвестицияларды жүзеге асыру бойынша тәжірибелік әрекеттер жиынтығы. Қазіргі кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық процесс әлеуметтік – экономикалық дамуымыздың негізгі алғы шартына айналып, еліміздегі реформаларды табысты іске асырудың басты себебі болып отыр.

Инвестициялар кез – келген ұлттық экономиканың маңызды да қажетті қоры болып саналады, экономикалық өсуге өол жеткізу маөсатын көздейді. Сонымен қатар, ғылыми-техникалық, өндірістік үдерісті қамтиды және оның кейбір мәселелеріне әсер етеді.

Инвестициялық жобаларды іске асыру өндірісті жетілдіріп, сатылатын тауарлардың сапасын арттыру онымен қоса жұмыс орындарының көбейіп, тұрғындарды еңбекпен толығымен қамтамасыз етуге, сөйтіп халқымыздың өмір деңгейінің өсуіне мүмкіндік береді.

Инвестициялық саясат – экономикалық реттеу мақсатында инвестициялық белсенділікті нығайту үшін жүргізілетін шаралардың комплексті жиынтығы. Инвестициялық саясат қоғамда тиімді әлеуметтік тәжірибелерге қол жеткізу мақсатында жүзеге асырылады. Қазақстанда инвестицияның Конституцияға сәйкес заңдық негізі жасақталынып оған сәйкестендірілген бағдарламасы бар.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан қаржылай көмек көрсетілуде, дотациялар бюджеттік ссудалар беріліп жатыр. Осы шараларды жүргізу тәртібімен ережесі дұрыс жолға қойылмай отыр. Мұның өзі қоғамдағы инвестициялық саясаттың дамуын тежеуде. Инвестиция табиғи ресурстарды пайдалануға, жекешелендіруде, антимонополиялық саясатта қолданылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Закон РК «Об инвестициях» от 8.01.2003ж.
- 2 Әлжанова Н. Ш. Инвестициялық жобалау : оқу құралы / Н. Ш. Әлжанова.- Алматы: 2007.-160 б.
- 3 Аньшин В. М. «Инвестиционный анализ». М., «Дело», 2002
- 4 Бузова И. А., Маховикова Г. А. «Коммерческая оценка инвестиций».- С. П. «Питер» , 2003
- 5 Бригхем Ю., Гапенски Л. Финансовый менеджмент: Полный курс: В 2-х т. / Пер. с англ. под ред. В.В. Ковалева. – СПб.: Экономическая школа, 1997. Т.1. – XXX+497с.
- 6 Марголин А.М.,Быстряков А. Я. «Экономическая оценка инвестиций». М., «Экмос» , 2013